

БЕКІТЕМІН
«Қарағанды облысының
мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасы»
ММ басшысы
Жұмакенов Е.К.

« _____ » _____ 2023 ж.

Балалар ақыны Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына орай
«Комиксбург» балалар комикстерінің облыстық байқауын
өткізу **ЕРЕЖЕСІ**
(Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының
70 жылдық мерейтойы аясында)

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл ереже «Комиксбург» балалар комикстерінің облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, шарттарын, тәртібін, мерзімін және басқа да талаптарын айқындайды.

1.2. Облыстық «Комиксбург» балалар комикстерінің (суреттелген әңгімелер) байқауы 2023 жылға арналған «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ негізгі мерейтойлық іс – шаралар жоспарына сәйкес қазақ балалар әдебиетінің кеменгері Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына орай өткізіледі.

1.3. Байқауды «Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ қолдауымен «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы КММ ұйымдастырады.

1.4 Байқау балалар ақыны Мұзафар Әлімбаевтың шығармалары бойынша комикс салу болып табылады.

Байқауға қатысушыларға Мұзафар Әлімбаевтың шығармалары кейіпкерлерімен сюжет ойлап тауып, оқиғаны комикс түрінде салу ұсынылады.

1.5 Осы Ережеде көрсетілген нормалар мен талаптар қайта қарауға және өзгертуге жатпайды. Байқауға қатысушылар осы Ереженің барлық талаптарын орындауға келіседі.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты:

- Балалар мен жасөспірімдердің қазақстандық авторлардың шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыру;

2.2. Міндеттері:

- Кітапты және кітап оқуды танымал ету;
- Балалардың комикс жанры мен көркем шығармаларға қызығушылығын арттыру, комикс жанры арқылы шығарма сюжетін барынша көркемдеу;
- Балалардың шығармашылық әлеуетін анықтау және дамыту;
- Қиялды дамыту және өз ойларын сөзбен және суретпен білдіру дағдыларын көрсету;

- Әдеби шығармалар әлемін белсенді білетін, оқитын балалар қауымдастығын қалыптастыру.

3. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

3.1. Байқауды ұйымдастыру мен өткізуге басшылықты Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының қызметкерлерінен құралатын Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті байқаудың қазылар алқасын бекітеді. Қазылар алқасының құрамына жазушылар, кітапханашылар, сценаристер және суретшілер шақырылатын болады.

Байқауды ұйымдастырушы қазылар алқасының шешіміне қарсылық етпейді.

4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Байқау 10-11 жас аралығындағы барлық қатысамын деушілерге алдын ала іріктеусіз қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

4.2. Байқау аясында қатысушыларға Ұйымдастырушы ұсынған М.Әлімбаев шығармаларының тізімінен (1-қосымша) өлең немесе ертегі бойынша бірегей сюжет ойлап тауып және оқиғаны комикс түрінде салу ұсынылады.

4.3 Комиксте кемінде 12 кадр болуы керек. А4 форматындағы 2 парақта бірыңғай сюжеттік желісі бар оқиға фрагменттері (бір парақта 6 Кадр-фрагменттер) болуы шарт, комиксті альбомдық нұсқада орналастыру қажет.

4.4 Жұмыс кез-келген сурет техникасында (қарындаштар мен бояулар), кара-ақ немесе түрлі-түсті дизайнда арнайы компьютерлік бағдарламаларды қолданбай орындалады:

4.4.1 Әрбір кадр қазақ немесе орыс тілдеріндегі қысқаша мәтінмен сүйемелденуі тиіс (поэтикалық нысанға жол беріледі);

4.4.2 Кейіпкерлердің диалогтары «көпіршіктерде» немес «баллондарда» сәйкес орналасады

4.4.3 Оқиғаның баяндау мәтінін (қажет болса) әр кадрдың төменгі жағында орналастыру қажет;

4.4.4 Диалог мәтіні бір сөйлемнен аспауы тиіс, авторлық мәтін – үш сөйлемнен көп болмауы тиіс;

4.4.5 Кадр жақтаулары (қажет болса) нақты геометриялық фигураларға сәйкес келуі керек;

4.5 Комиксте әр беттің артқы жағында автор (тегі, аты) қол қоюы керек. Комикстің қысқаша аннотациясы бірінші бетте беріледі. Беттері нөмірленеді;

4.6 Бір қатысушыдан бір жұмыстан артық қабылданбайды. Байқауға тек авторлық жұмыстар қатыса алады. Байқау жұмыстары рецензияланбайды және қайтарылмайды;

4.7 Фрагменттерге жазуда орфографиялық қателердің болуы қорытынды балды төмендетеді.

5. ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

5.1. Қатысушының жұмысын бағалау 10 балдық шкала бойынша жүзеге асырылады.

5.2. Комикстер келесі параметрлер бойынша бағаланады:

- Тақырыпқа сәйкестік, сюжеттің өзіндік ерекшелігі мен тұтастығы, оның толықтығы;
- Жұмыстың мазмұны, сурет пен мәтіннің үйлесімі;
- Сюжет, шығармашылық идея, баяндауды құру логикасы;
- Жұмыстың көркемдік деңгейі;
- Сауаттылығы(4.7 т.қара).

6. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

6.1 Өткізу мерзімі: 1 ақпан – 14 мамыр 2023 ж.

6.2 Байқау жұмыстары 2023 жылғы 14 мамырға дейін (қоса алғанда) Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 30 мекенжайы бойынша кітапхананың мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөліміне немесе **конкурс-комике** деп белгіленіп, **odb_abai@mail.ru** электрондық поштасына жіберіледі. **Сканерленген жұмыс PDF форматында кемінде 300 dpi немесе jpg форматында 500 jpg де ұсынылады;**

6.3 Ұйымдастырушы қазылар алқасы мүшелерінің біржолғы жиналысын өткізуге және қазылар алқасының жұмысы мен жеңімпаздарды объективті анықтау үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға міндеттенеді. Сараптамалық қазылар алқасы жұмыстарды 2023 жылғы 17 мамырдан кешіктірмей бағалайды.

6.4 Қазылар алқасының қарауына осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін жұмыстар жіберіледі (*б-тармақты қара*).

6.5 Қазылар алқасы жұмысының қорытынды нәтижелері салтанатты марапаттау рәсімінде жарияланатын болады.

6.6 Қабылдаушы Тарап (Ұйымдастырушы) конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің жол шығындарын төлемейді;

6.7. Байқау қорытындылары туралы ақпарат ұйымдастырушының электрондық ресурсында орналастырылады **<https://odb-abai.kz>**

6.8. Байқау жеңімпаздары (мемлекеттік және орыс тілдерінде) дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады;

6.9 Байқау шеңберінде байқау ұйымдастырушылары мен қазылар алқасының арнайы номинациялары бекітіліп, сертификат пен жүлделермен марапаттау көзделген;

6.10 Байқаудың қалған қатысушыларына электрондық поштасына жіберу арқылы сертификаттар табысталады;

6.11 Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына және Абай атындағы ОБК 70 жылдығына орай облыстық «**Комиксбург**» балалар комикстері облыстық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау 2023 жылғы 19 мамырда Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының ғимаратында өтеді.

7. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1 Ұйымдастырушы өз құзыреті шегінде байқауды ұйымдастыру мен өткізу сапасына жауапты болады.

7.2 Ұйымдастырушының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 100000 Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Бұқар жырау даңғылы, 30 үй.

Ұйымдастырушының байланыс телефондары: телефон 8(7212)412325,
электронды поштасы: odb_abai@mail.ru

7.3 Байқаудың үйлестірушісі: Елена Олеговна Кучаева мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып балаларына қызмет көрсету бөлімінің басшысы, мобильді телефоны: 87786272300

Қосымша 1

**Комикстер жасау үшін
ұсынылатын Мұзафар Әлімбаев шығармаларының
ТІЗІМІ**

1. «Ақ мысық жоғалғанда...» (өлең);	1. Два оленя (сказка);
2. «Тауыс неге қызыл – жасыл, қарға неге қара» (ертегі);	2. Два силача
3. «Көлбақа мен қамыс» (өлең);	3. Голубой ковер (поэма);
4. «Жылан мен балық» (армян ертегісінің желісімен);	4. Живая книга;
5. «Қитыққан Құмырсқа» (ертегі);	5. Из состязания врунов;
6. «Бүркіт пен Жапалақ» (мысал);	6. Когда длинная дорога коротка;
7. «Тасбақаны жұмсасак..» (мазақтама өлең);	7. Кто сильнее носорога;
8. «Түлкінің құйрығы неге ұзын?» (ертегі);	8. Маленький «Авиценна»;
9. «Айырбас» (өлең);	9. Почему кошка умывается (сказка);
10. «Түлкі мен Құмырсқа» (қырғыз ертегісінің желісімен);	10. Притча о тяжелой подкове;
11. «Ораз неге жылады, достары неге күледі?» (өлең)	11. Уроки вежливости.

Қосымша 2

Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына орай
«Комиксбург» балалар комикстерінің облыстық байқауына қатысу
ӨТІНІМІ

Қатысушы (аты-жөні)	
Жасы	
Комикстің атауы және шығарманың аты	
Білім беру мекемесінің толық атауы (мектеп, гимназия, лицей) сынып	
Толық мекен жайы	
Байқауға қатысушының жетекшісі (аты-жөні толығымен), байланыс телефоны, E-mail	